

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области  
лингвистики и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**Ғ. Ж. Абылқасов**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,  
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

## **ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙ МЕН СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК**

*Мақалада бауырлас қазақ және татар халықтары өкілдерінің әдебиетіндегі өзара ықпалдастығы қарастырылған. Қазақ әдебиетіндегі Абай Құнанбайұлының орны қандай болса, татар әдебиетіндегі Ғабдолла Тоқайдың да орны дәл сондай деп айтуға болады. Татар әдебиетіндегі бас ақын, ұлы тұлға болып саналатын Ғабдолла Тоқай шығармашылығының ежелден бері бауырлас, тамырлас болып келе жатқан тарихи, мәдени, әдеби қарым-қатынастардың нәтижесінде тек татар әдебиеті ғана емес, басқа да түркі тілдес халықтар әдебиетіне қосқан үлесі жайлы және қазақ әдебиетіндегі сол кезеңдегі белгілі тұлға С. Торайғыров шығармашылығы атап көрсетіліп, оның еңбегіне сипаттама берілген. Туындылары тамырлас Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Ғабдолла Тоқай шығармашылығына тереңдеп талдап-зерттеу үшін ең алдымен екі халық әдебиетінің тарихи тамырластығын, өзара ықпалдастығын, дәстүр жалғастығын танып білудің маңызы зор. Ғабдолла Тоқайды өзіне үлгі тұтқан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығындағы үндестікке қоса, тағдыр жолы да аса ұқсас екендігі де айқындай отырып, екі ақынның тағдырлас қиын өмірі жайлы баяндалады. Осыған орай қазақ және татар әдебиеттерінің өзара байланысын дамытуға зор үлес қосқан Сұлтанмахмұт Торайғыров еңбегіне тоқтала отырып, оның шығармашылығын жаңа заманға сай насихаттау қажеттігі жайлы баяндалады. Мақаланың негізі мәні осы болып табылады.*

*Кілтті сөздер: мол мұра, Тоқайша жазу, жырлау, әдеби байланыстар, көңілдегі күн, қарым-қатынастар.*

### **Кіріспе**

Татар халқының бас ақыны Ғабдолла Тоқай небәрі жиырма жеті жас жасап, өмірден ерте кеткенімен, туған халқына, барша адамзатқа үлгі-өнеге, рухани

азық боларлық мол мұра қалдырып кеткен талантты тұлға. Өз замандастарынан таланты басым ақын қазіргі заманғы татар әдебиетінің негізін қалап, тарихтағы өзінің орнын ойып тұрып ала алды. «Әрбір халықтың көркемдік даналығын, рухын неғұрлым толық таныта алатын ақындар болады. Мәселен, өзбектер Науаи, түрікмендер Мақтымқұлы, қазақтар Абай, қарақалпақтар Бердақ, қырғыздар Тоқтағұл есімі мен еңбегін ерекше қастерлеп, ардақ тұтатыны белгілі. Ал туысқан татар халқы өзінің сан ғасырлық әдебиет тарихындағы әйгілі ақын-жазушыларының ішінен біріншілік тәжін Ғабдолла Тоқайға береді. Өмірден қиыншылық қыспағын көріп, небәрі жиырма жеті-ақ жыл жасаған ақынның мұншама биік мәртебеге ие болуы – сирек құбылыс», – деп атап көрсетеді академик Рақманқұл Бердібай [1, 79 б.].

**Зерттеудің нысаны:** Ғ. Тоқай мен С. Торайғыров шығармаларындағы үндестік

**Зерттеудің пәні:** қазіргі кездегі салыстырмалы әдебиет

**Мақсаты:** Ғабдолла Тоқайдың ғұмыры мен шығармашылығына үндес қазақ ақындарының бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Осыған орай екі ақын шығармашылығын қарастыра отырып, олардың қазақ-татар әдебиетіне, мәдениетіне, философиясына қосқан еңбектеріне баса назар аудару.

**Міндеттері:**

– ақындар шығармаларындағы үндестікті қарастыру, салыстыру, анықтау;

– жекелей еңбектеріне тоқталу.

**Әдістеме**

Зерттеу барысында жүйелілік-құрылымдық, тарихи-типологиялық, салыстырмалық-ұластырмалық әдістер қолданылды. Жүйелілік-құрылымдық әдістің көмегімен татар және қазақ әдебиеттерінің көрнекті өкілдері Ғ. Тоқай мен С. Торайғыров шығармаларындағы өраза ұқсастықтарының генезисіне талдау жасалды. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен әлемдік әдебиеттану ғылымының дәстүрлі және заманауи талдау, зерттеу әдістері тиісінше қолданылған болып табылады.

Татар әдебиетін мазмұндық, формалық тұрғыда жаңа сатыға көтерген Ғабдолла Тоқай шығармашылығы барша түркі халықтары қаламгерлеріне, соның ішінде қазақ ақын-жазушыларына үлкен әсер етті. Бұл кезде татар әдебиеті зор биікке көтеріліп, Еуропалық білім-ғылым жүйесімен үндесуі – орта ғасырлық білім жүйесіндегі өзге түркі халықтарына барынша үлгі-өнеге болғаны анық. Сол себептен де, XX ғасырдың басы татар мәдениеті мен әдебиетінің түркі әлеміндегі авангардтық сипатта болғаны белгілі. Сондықтан да қазақтың жас ақындары мен өзге де білім-ғылым қуған зиялылары татардың әдебиетінен, мәдениетінен, ғылым-білімінен үйренді, оларды үлгі тұтты. Бұл тұрасында қазақ әдебиетінің ірі өкілдері әр кезеңде лайықты бағасын берген

болатын. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы, академик ғалым Сәбит Мұқанов былай деген екен: «Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибраһимов, Мәжит Ғафури, Ғалиасқар Камал, Фатиз Әмірхан, Ғафур Құлахметов сияқты үлкен жазушылар идея және көркемдік шеберлік жағынан қазақ ақын-жазушыларының бүкіл бір буынына әсерін тигізді» [2, 75 б.].

Татар халқының ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармашылығы қазақ ақындарына үлгі болғаны соншама, «Тоқайша жазу», «Тоқайша жырлау» деген ұғымдар қалыптасып, Тоқай өлеңдерінің идеясы, мазмұны, формасы анық аңғарылатын өлеңдер көптеген қазақ ақындары шығармашылығынан орын алды. Олардың қатарында Сәбит Дөнентаев, Әкрам Ғалымов, Бернияз Күлеев, Тайыр Жомартбаев сияқты талантты қазақ қаламгерлері болды.

Жоғарыда аты аталған қаламгерлермен қатар, қазақтың ағартушылық бағыттағы ақындары, XX ғасырдың басынан әдебиет әлеміне келген жастар тобын құрайтын шығармашыл тұлғалар Жақан Сыздықұлы, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов т.б. ақындар татар классигі Ғабдолла Тоқай өлеңдерін үлгі тұтып, оларды қазақ тіліне аударды. Бұл кезде қазақ жазба әдеби тілі де қалыптасу үстінде болатын. Қазақтың жаңа дәуір әдебиеті негізін қалаушылардың бір тобы татар мәдениеті үлгісіндегі медреселерден білім алып, татар тілі мен әдебиеті, мәдениетімен жете таныс болғандықтан да, Ғабдолла Тоқай шығармашылығы оларға етене әрі үндес болған деп білеміз.

Ғабдолла Тоқайдың ғұмыры мен шығармашылығына үндес қазақ ақындарының бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. «С. Торайғыров XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында ерекше орын алатын өз уақытының дарынды өкілі. Ол Қазақстанның әдебиетіне, мәдениетіне, философиясына баға жетпес еңбек сіңіріп, белгілі қоғамдық-саяси, еркіндік пен халықтың бақыты үшін күрескен қайраткер» [3, 179 б.].

Сұлтанмахмұттың татар және шығыс әдебиетіне бойлап, шығармашылық қыры ашыла түсуіне жоғарыда атап өткен Мұқан молда берген тәлімінің игі ықпалы тиіп, оның болашақта ақын ретінде қалыптасуына зор әсері болғанымен, 1908 жылы баянауылдық Әбдірахман молдадан сабақ алу кезіндегі, бұл молланың тым қаталдығы, өзін еркін ұстап, алуан түрлі өлең шығарғаны үшін жаза жүктеп, қол тигізуінің салдарынан Сұлтанмахмұт шығармашылығында ислам діні мен оның қызметкерлері молдалар жайлы барынша сыни көзқарас қалыптасуға негіз болды деп айта аламыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығында да «Тоқайша жазу» үлгісі айқын көрініп тұратындығы – екі ақынның өлеңдеріндегі өзара үндестіктің дәлелі. Бұл жерде ескерте кетерлігі, Сұлтанмахмұт Торайғыров Ғабдолла Тоқайдың жыр жазу үлгісінен шыға алмады деген ой туындамауы қажет деп білеміз. Ұлттық қаламгердің шығармашылығы ұлттың танымдық ойлау жүйесі аясында қалыптасып, өлеңдерінде көрініс

табатынын ескерсек, бір тақырыпты жырлағанның өзінде, әр ұлттың өзіндік көркемдік таным сипаты ерекшеленіп, көзге ұрып тұратыны белгілі. Бұл – Ғабдолла Тоқай мен Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылықтарына да тән. Бұған ғылыми жұмысымызда арнайы тоқталатын боламыз.

Екі ақынның шығармашылығындағы үндестіктің ең үлкен көрінісі – олардың өмірлік ұстанымдарында жатыр деп білеміз. Ресей патшалығының отарлық езгісіне ұшырап, бодандық халді кешіп жатқан туған халқының бостандығы мен жарқын өмірі жолында қызмет етуді екі ақын да өздеріне қасиетті борыш санайды. Мұндай мемлекетшілдік сана, патриоттық сезім Ғабдолла Тоқай өлеңдерінің көбіне тән және қаламгер шығармашылығындағы халықтық сипат дегеннің өзі осы болып табылады. Ғабдолла Тоқайдың «Мақсат» атты өлеңінде халықшылдық сипат, елге қызмет етуге деген қастерлі парыз былайша берілген:

«Қайткенде де халқымды мен шығарамын ұшпаққа», –

Деп ойласам, мына тірлік алар мені қыспаққа.

«Басыңды ій, тізеңді бүк, сөзді тыңда, құп алып,

Дейді тірлік, – сендейлерге салғанбыз біз бұғалық!» [6, 18 б.]

Ұлт мұраты жолындағы қызметтің жолы қай ұлттың баласы үшін де, әсіресе отарланған, бағынышты ұлттың азаткер ұландарына ешқашан оңай болмаған. Ғабдолла Тоқай мұны анық сезіне отырып, осынау ауыр жолдағы қиындықтарға тезуге белді бекем бұғанын, осы жолда қандай кедергілер мен қиындықтарды бастан кешсе де берілуге, жеңілуге болмайтынын түсініп, өзін өзі қайраттандырады:

Бірақ та мен берілмеймін қасіретке, күйікке,

Менің орным жоғарыда, менің ойым биікте! [6, 18 б.]

Тек биік мұраттарға ұмтылғанда ғана, ұлттың жолында жасалған еңбек, жанкешті тірліктің түпкі нәтижесі қайырлы болмақ екендігін Ғабдолла Тоқай да, Сұлтанмахмұт Торайғыров та сезгендей. Екі ақынның өмір жолы мен қызметінен біз осыны көреміз. Отаршылдық дәуірді туған халқының төбесінен басқан қараңғылыққа теңеген Ғабдолла Тоқай осы түнекті сейілтпін, татар милләтінің аспанында күн болып жарқырасам дейді:

Мен елімді ел қылмасам, ел қылмасам кім болам?!

Аспандағы күнің емес, көңілдегі күн болам! –

Бұл өмірде күліп-ойнап жігіт өтер, қыз өтер,

Соның бәрі маған қарап сағаттарын түзетер! [6, 18 б.]

Ал қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров болса қазақтың қараңғы көгіне күн болуды армандайды. Ғабдолла Тоқайдың «көңілдегі күні», Сұлтанмахмұтта «қараңғылықтың кегіне бола жарқырар күн», яғни екеуінде екі түрлі қолданыс болғанымен, мағынасы бір. Сұлтанмахмұт Торайғыров былайша жырлайды:

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам? [7, 25 б.].

Қазақ тілінің заманауи лингвистикалық негіздемесін ғылыми тұрғыда жасаған – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов болатын. «Тіл – ұлттың жаны». Өз ұлтының жанын ұлт ақыны жанындай сүйеді. Татар халқының ақыны Ғабдолла Тоқай туған тілі туралы былай деп толғанады:

Туған тілім, тумай жатып табысқан,  
Сен арқылы әке-шешем танысқан.  
Туған тілде анам сырын шертеді,  
Осы тілде әжем айтар ертегі.  
Сонау, сонау бесіктегі кезімнен  
Сен арқылы қайғы-мұңды сезінгем.  
Ана тілде жалбарынам: «Құдайым,  
Ата-анама саулық бер!» – деп ұдайы [6, 43 б.].

Ал қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров Тоқай жырындағы осы екі шумақтағы ана тілі жайындағы ойларды «Сүйемін, туған тілді, анам тілін» атты өлеңінде ұлттық таным көкжиегі арқылы былайша өрбітеді.:

«Сүйемін туған тілді анам тілін,  
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,  
Құлағыма сіңірген таныс үнім [7, 51 б.].

Троицкіде медреседе оқыған жылдары мен «Айқап» журналында қызмет істеп жүрген кезінде ақынның жазған дүниелері бұған дейін, ел ішінде жүріп жазған өлеңдері мен өзге де туындыларына қарағанда, анағұрлым өресі биік екендігін аңғаруға болады. Сондай-ақ, ақынның тілдік қолданысында орыс және татар тілінің қолданыстық сөздері ене бастағандығын да көреміз. Мысалы, бек, ғафу, бәліш, милләт, мәтбуғат, хашия, жәдит т.б. сөздерді атауға болады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Ғабдолла Тоқайдың өзара үндестігі туралы қарастырғанда, олардың туған халқы туралы ойларына тоқталмай өту мүмкін емес. Ғабдолла Тоқай татар халқының езгіге ұшыраған халін көптеген өлеңдеріне арқау етті. Азаттыққа қол жеткізген немесе өзінің дара кәсіпшілігімен ерекшеленген халықтар сияқты, өзінің татар халқы да басқалармен иық тірестіріп, алда жүрсе дейді. Атап айтқанда, «Қасиет» өлеңінде ақын түрлі халықтар жайында алуан мәліметтерге толы көптеген жайларды келтіруге болатындығын мысалға алады:

...Түрік жайлы «Қуатты!» деп айтамыз,  
Неміс жайлы «Ұлығатты!» деп айтамыз.  
Саха жайлы салар болсақ ақылға,

Айтамыз біз бұғылары хақында,  
Айтар болсақ кытайлардың жайларын,  
Еске аламыз жұпар иіс шайларын.  
Сөйлер болсақ французға беріле,  
Бағалаймыз өнерлі деп, сері деп.  
Айтар болсақ ағылшындар әулетін,  
Сөз қыламыз іскерлігін, дәулетін [6, 85 б.].

Бұл аталған халықтардың барлығы да өз әлемінде өмір сүретін үлкенді-кішілі халықтар екендігін ерекшелей, соларға сырттай қызыға қараған ақын өз халқының тірлігіне көңілі толмайтындығын былайша білдіреді:

Күлкісі жоқ, шынында да күлмейсің,  
Татар жайлы не дерінді білмейсің! [6, 85 б.].

Татар халқы – өзінен туып-шыққан классик ақыны Ғабдолла Тоқайдың көңілі толмай тұрғаны болмаса, еуропалық мәдениетпен өзге түркі, мұсылман халықтары арасында ерте араласқандарының бірі болатын. Ғабдолла Тоқай осылайша, өз халқының бойындағы әлдеқалай мінез-қылыққа көңілі толмай намыстанса, бұл қалып-күй қазақтың бас ақыны Абайдан бастап, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа дейінгі қолына қалам ұстаған шығармашыл қауымның да жазбаларында анық көрініс тауып жатқаны да шындық. Мұндай өлеңдер Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығында бірнешеу. Солардың бірі «Анау-мынау» өлеңінде Сұлтанмахмұт қазаққа татар халқын өнеге етеді. Татар жұртын қазаққа мұндай өнегелеу Абайдың қара сөзінде де бар екендігін ескереміз. Сұлтанмахмұт Торайғыров былайша толғайды:

Анау қырда татар тұр,  
Басқалармен қатар тұр.  
Мынау ойда қазақ тұр,  
Қастарында азап тұр.  
Ұйқысы көп, ояу аз  
Бұл не деген ғажап тұр?  
Бұл ұйқысын ашпаса,  
Надандықтан қашпаса,  
Басқаларға мазақ тұр [7, 67 б].

Екі ақынның да ұлт алдындағы парызды сезінуі – ұқсас. Екеуі де: «Туған халқым мені ұлым деп бағаласа болды», – деген ойды айтады. Ғабдолла Тоқайдың патриотизм тақырыбында жазылған «Ұлтыма» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Сен санасаң болды мені бұл өзімнің ұлым деп,  
Ұлы болмақпын мен, болмақпын мен түбінде! [6, 125 б]

Ақын өзінің туған халқы татарлары өзін етене жақсы көріп, шығармаларын жүрегіне жеткізе оқыса, болашақта өзінің ұлт тарихындағы



ұлы ақын боларына анық сеніммен қарайды. Сондықтан да туған елі, оның тілі мен ділі үшін қызмет етуді азаматтық асыл парызы екендігін айтады. Ал Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Туған еліме» өлеңінде, қалың елі қазағының өзінен үміт күтетінін, сол үмітін ақтауға тырысатынын айтады:

Үміт қып менен қарайсың,  
Көңіліңе медеу санайсың.  
Балалыққа жарасам,  
Аталыққа жарайсың [7, 141 б].

### **Зерттеу нәтижелері**

Қазақ және татар әдебиеттерінің көрнекті өкілдері Ғ. Тоқай мен С.Торайғыров шығармалары арасындағы өзара байланысы туралы зерттеу барысында біз мыналарды анықтадық:

– қазақ пен татар халықтары әдебиетінің өзара байланысы тым ерте дәуірлерге кетеді және оны посткеңестік дәуірде жаңа қағидаттар тұрғысында кең көлемде зерттеудің маңызы зор екендігін;

– татар әдебиетінің көрнекті өкілі Ғ. Тоқай ХХ ғасыр басына дейін өзге түркі халықтары әдебиетіне авангардтық тұрғыда зор үлгі болғанын бүгінгі зор табысқа жеткен бауырлас халықтар әдебиеттері бағалай отырып, қазақ әдебиеті өкілдері шығармашылығына әсер еткендігі;

– қазақстандық татарлар жасаған әдебиеттің көрнекті өкілдері шығармаларының көркемдік ерекшелігін ашып көрсету, жалпы жұртшылыққа таныту – өзара бауырластық пен ұлтаралық татулық, келісімді нығайтудың бір қағидаты екендігін.

### **Нәтижелерді талқылау**

Татар әдебиетін мазмұндық, формалық тұрғыда жаңа сатыға көтерген Ғабдолла Тоқай шығармашылығы барша түркі халықтары қаламгерлеріне, соның ішінде қазақ ақын-жазушыларына үлкен әсер етті. Бұл кезде татар әдебиеті зор биікке көтеріліп, Еуропалық білім-ғылым жүйесімен үндесуі – орта ғасырлық білім жүйесіндегі өзге түркі халықтарына барынша үлгі-өнеге болғаны анық. Сол себептен де, ХХ ғасырдың басы татар мәдениеті мен әдебиетінің түркі әлеміндегі авангардтық сипатта болғаны белгілі. Сондықтан да қазақтың жас ақындары мен өзге де білім-ғылым қуған зиялылары татардың әдебиетінен, мәдениетінен, ғылым-білімінен үйренді, оларды үлгі тұтты. Бұл тұрасында қазақ әдебиетінің ірі өкілдері әр кезеңде лайықты бағасын берген болатын. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы, академик ғалым Сәбит Мұқанов былай деген екен: «Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибраһимов, Мәжит Ғафури, Ғалиасқар Камал, Фатиз Әмірхан, Ғафур Құлахметов сияқты үлкен жазушылар идея және көркемдік шеберлік жағынан қазақ ақын-жазушыларының бүкіл бір буынына әсерін тигізді» [2, 75 б.].

### Қорытынды

Екі ақынның шығармашылығындағы көптеген ұқсастықтар бар екенін мүмкіндігінше талдап көрсеткен болатынбыз. Солардың ішінде екі ақынның, шығармашылығындағы мазмұн мен идея тұрғысындағы ұқсастық қана емес, көптеген өлеңдерінің тақырыптары де өзара ұқсас екендігін атап көрсеткен дұрыс болмақ. Бұл тұрғыда бірінші берілгені – Ғабдолла Тоқайдыкі, екіншісі – Сұлтанмахмұт Торайғыровтыкі: «Туған еліме» – «Туған елім», «Достарға бір сөз» – «Досыма хат», «Көк сиыр» – «Көк өгіз», «Тұрмыс» – «Тұрмысқа», «Әне-міне» – «Анау-мынау», «Алданған татар қызына» – «Шал алған қыз», «Түс» – «Түсімде», «Сүтке түскен тышқан» – «Арыстан мен тышқан».

Анық байқалатын бір жағдай: Ғабдолла Тоқай мен Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдері арасында мазмұндық, идеялық, тақырыптық тұрғыда ғана емес, сөз қолданыстық тұрғыда да көптеген үйлестіктер барын айтып өткен жөн. Бұл дағы өзара үндестіктің бір сипаты болса керек. Қазақ «қамшының сабындай», «жалт еткен бес күндік дүние-жалған» дейтін мынау тірлікте татар дәмдерінің тым аз болуы – екі ақынның да маңдайына жазылған қасіретті тағдыр. Екі ақын да мұны ерте сезініп, торығады, опынады. Мынау жарық дүниенің жылуына шомылып, аз күн болса да өмір сүруді армандайды. Осы шағындағы арманын Ғабдолла Тоқай былай деп қағазға өлең етіп түсірген екен.

Тумасам ғой, қиын тірлік кешпес ем,  
Тірліктің де уын-суын ішпес ем.  
Өмір шіркін сыландайды көз арбап,  
Тіпті қымбат көрінеді озарда [6, 123 б.],

«Дүние, өтерінде бұлаңдайсың», – деген қазақтың кара өлеңімен үндес айтылым. Ал Сұлтанмахмұт Торайғыров болса, қыршындай жиырма жеті жасында әбден меңдетіп, шыбын жанын қинаған ауыр дертпен күресіп жатқан кездегі жабырқаған көңіл күйін былай деп береді:

Дерт күшті, тамағымнан жүрмейді асым,  
Жастыққа, жөтел қысып, тимей басым.  
Тағдырдың кездестім ғой кермесіне,  
Талапты жиырма сегіз деген жасым [7, 201 б.],

«Ғ. Тоқай өмірі өз халқының өмірімен, татар халқының тағдырымен біте қайнасақ, еңбек елінің белбаласы, адал ұлы, азамат ақын. Ақын шығармаларының түп негізі халықтың рухани асыл қазынасы – халық творчествосымен тамырласып жатады» [1, 46 б.], – деген ғалым Қайым Мұқаметхановтың тұжырым қорытындысын біз Сұлтанмахмұт Торайғыровқа қатысты да сеніммен айта аламыз.

Біз татар мен қазақ халықтарының көрнекті екі ақыны Ғабдолла Тоқай мен Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы арасындағы үндестік туралы

қарастырдық және мұның өзі мазмұн мен формада бірдей көрініс табатынын мысалдар арқылы көрсете отырып, бауырлас халықтар әдебиетіндегі ортақ дәстүрлерге де назар аудардық. Татар халқының бас ақыны, классик Ғабдолла Тоқай шығармашылығының қазақ топырағына, оның ішінде ХХ ғасыр басындағы алаштын өскелең ұрпағына қалай игі әсер бергенін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық қалыптасу және өсу жолдары арқылы көрсете алдық деп білеміз. Осы ретте қазақтың тағы бір аса көрнекті қаламгері Мұхтар Әуезовтың: «Мені тәрбиелеп өсірген үш анам болды. Оның біріншісі – қазақ халқының ауыз әдебиеті болса, екінші және үшіншісі – орыстың классикалық әдебиеті мен татардың классик әдебиеті» [14, 26 б.], – деген жүрекжарды ойын еске ала отырып, классик ақын Ғабдолла Тоқай мен татардың бай әдебиеті ХХ ғасырдың басында заманауи қазақ әдебиетінің қалыптасып дамуына зор ықпал жасағанын ұмытпауға тиіспіз демекпіз.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Ғабдолла Тоқай** тағылымы: Мақалалар, эсселер, естеліктер. Серия: Тұғырлы тұлғалар / Құраст: А. Шәріп, А. Тойшанұлы, Ә. Д. Абаева. – Астана: Ғылым, 2015. – 126 б.

2 **Құдаш, С.** Жастық шақтың ізімен. – Алматы: Жазушы, 1966. – 256 б.

3 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). ХХ ғасырдағы қазақ философиясы / З. К. Шәукенова және С. Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2016.

4 **Тоқай, Ғ.** Таңдамалы. Ауд. Қ.Мырзалиев. – Астана: Фолиант, 2007.

5 **Торайғыров, С.** Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. Т. 1. – 280 б.

6 **Құлсариева, А.** Фетхуллах Гулен өркениеттер туралы. [Электронды ресурс]. – www.abai.kz.

7 Тукай доньясы. [Электронды ресурс]. – Gabdullatukay.ru.

8 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 2002.

9 **Тоқай, Ғ.** Көңіл жұлдызы. Ауд. Т. Әбдірахманов. – Алматы: Жазушы, 1986.

10 Философия және мәдениеттану. Құраст. Алтаев Ж, Ғабитов Т., Қасабеков А., және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.

### References

1 Gabdolla Tokai Tagylymy: Maqalalar, esseler, estelikter. Seria: Tugyrlly tulgalary / Qurast: A. Sharip, A. Toishanulu, A. D. Abaeva. – [Gabdulla Tokay

readings : Articles, essays, memoirs. Series: Personalities / Compiled by]. – Astana : Science, 2015. – P. 126.

2 **Qudash, S.** Jastyq shaqtyn izimen [S. Kudash. In the footsteps of youth]. – Almaty : Zhazushy, 1966. – P. 256.

3 Qazaq filosofiasy tarihy (ejelgi dayirden qazirgi zamanga dein). XX gasyrdagy qazaq filosofiasy / Z. K. Shaukenova and S. E. Nurmuratovtyn jalpy redaksiyasymen. [History of Kazakh philosophy (from ancient times to the present). Kazakh philosophy of the XX century / Z. K. Shaukenova and S. E. Nurmuratov]. – Almaty : Institute of Philosophy, Political Science and Religion of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 2016.

4 **Tokay, G.** Tandamaly. Ayd. Q. Myrzaliew. [Таңдамалы. Transl. Q. Myrzahev]. – Astana : Foliant, 2007.

5 **Toraigrov, S.** Eki romdyq sharmalar jinagy. [A two-volume collection of works]. – Almaty : Gylym, 1993. Volume 1. – P. 280.

6 **Kulsarieva, A.** Fethullah Gulen orkeniетter tyraly. [Fethullah Gulen on civilizations]. [Electronic resource]. – www.abai.kz.

7 Týkai dónasy. [Tokai's world]. [Electronic resource]. – Gabdullatukay.ru.

8 **Kabdolov, Z.** Soz oneri. [Word art]. – Almaty : Gylym, 2002.

9 **Tokay, G.** Konil juldyzy. Ayd. T. Abdirahmanov. [Mood star. Transl. T. Abdrakhmanov]. – Almaty : Zhazushy, 1986.

10 Filosofia jane madeniетtany. Qurast. Zh. Altayev, T. Gabitov, A. Kasabekov [Philosophy and cultural studies. Compilation. Zh. Altayev, T. Gabitov, A. Kasabekov and others]. – Almaty : Kazakh University, 1998.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

*Г. Ж. Абылкасов*

### **Гармония в творчестве Габдулла Тукай и Султанмахмута Торайгырова**

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

*G. Zh. Abylkasov*

### **Harmony between the works of Gabdully Tokay and Sultanmakhmut Toraigrov**

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Material received on 10.12.20.

*В статье рассматривается взаимодействие представителей братского казахского и татарского народов в литературе. Место Абая Кунанбаева в казахской литературе такое же, как место Габдуллы Токая в татарской литературе. Габдулла Токай, великий поэт и крупный деятель татарской литературы, известен своим вкладом не только в татарскую литературу, но и в литературу других тюркоязычных народов в результате давних братских, глубоких исторических, культурных и литературных связей. Отмечается творчество С. Торайгырова и описывается его творчество. Для более глубокого анализа творчества Султанмахмута Торайгырова и Габдуллы Токая, чьи творческие корни имеют корни, важно прежде всего признать исторические корни, взаимодействие и преемственность традиций литературы двух народов. Помимо гармонии в творчестве Султанмахмута Торайгырова, последовавшего примеру Габдуллы Токая, судьбы двух поэтов очень похожи. В связи с этим описывается необходимость популяризации творчества Султанмахмута Торайгырова, внесшего весомый вклад в развитие взаимоотношений казахской и татарской литературы. В этом суть статьи.*

*Ключевые слова: богатое наследие, сочинять как Токай, пение, литературные связи, настроение, отношения.*

*The article considers the interaction in the literature of the fraternal Kazakh and Tatar peoples. The place of Abay Kunanbayev in Kazakh literature is the same as the place of Gabdulla Tokay in Tatar literature. Gabdulla Tokay, a great poet and a great figure in Tatar literature, is known for his contribution not only to Tatar literature, but also to the literature of other Turkic-speaking peoples as a result of long-standing fraternal, deep-rooted historical, cultural and literary relations. The work of S. Toraigyrov is noted and his work is described. For in-depth analysis of the works of Sultanmakhmut Toraigyrov and Gabdulla Tokay, whose works are rooted, it is important to first of all recognize the historical roots, interaction and continuity of traditions of the two peoples' literature. In addition to the harmony in the works of Sultanmakhmut Toraigyrov, who followed the example of Gabdulla Tokay, the fate of the two poets is very similar. In this regard, the need to promote the work of Sultanmakhmut Toraigyrov, who made a significant contribution to the development of the relationship between Kazakh and Tatar literature, is described. This is the essence of the article.*

*Keywords: rich heritage, writings as Tokay, singing, literary connections, mood, relationships.*

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz